

Павлодар облысы: Таңбалы тастардың ашылмаған құпиясы көп

Сарыарқа – қазақтың байлығының көзі ғана емес, сонымен қатар өнердің, мәдениеттің және тарихтың кеніші. Сарыарқа төсінде орналасқан Ертіс өңірінің орны бөлек.

Облысымыздағы әрбір аймақтың тарихы тереңде жатыр. Жергілікті тарихшылар қауымы толығымен зерттеуді қажет ететін тың дүниелер әлі де баршылық.

Әсіресе, көне заманда тасқа қашалып салынған суреттер, белгілер мен жазбалар археологтардың назарынан тыс қалмақ емес. Мәселен, Екібастұз аумағынан табылған - Өлеңті жазбалары осының айғағы.

Өлеңті жазбалары Екібастұз аумағынан табылған алғашқы қауымдық ескерткіш болып саналады. Тарихи жәдігер 20 ғасырда Өлеңті өзенінің сол жақ жағалауындағы Тай ауылы маңынан табылған.

Археологтар бұл құнды заттай деректі біздің заманымызға дейінгі 10-шы мен 5-ші мыңжылдықтар жәдігері қатарына жатқызады. Тастардың бетінде Петроглиф жазулары бар. Олар адамзат тарихындағы алғашқы математикалық сипаттағы таңбалар.

Мамандардың айтуынша, таңбалар тасқа кәдімгі тас құралмен ойып жазылған. Ескерткіште, сондай-ақ, адамдардың сұлбасы, мифтік жануарлардың суреті де бар.

Ербол Қуаныш, Потанин атындағы тарихи өлкетану мұражайының қызметкері

Барлық тастар бедерленген заттармен сызылып салынған. Суреттердің тереңдігі 0,5-0,7 сантиметр. Олар негізінен үш кезеңге бөлінеді. Атап өтсек, генерит дәуірі, қола дәуірі, ерте темір ғасыры. Бұлардың барлығы негізінен кішкентай композицияны елестетеді.

Мамандардың айтуынша, осы тектес тастар Баянауыл таулары маңындағы жартастардан да табылған. Археологтар олардың сыры мен құпиясын әлі де зерттеуде.

Ерхан ТӨТКЕН